

## **Кәсіптік бастауыш білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 ақпандағы N 174 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.05.2013 № 499 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кәсіптік бастауыш білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2005 жылғы 28 ақпандағы  
N 174 қаулысымен  
бекітілген

## **Кәсіптік бастауыш білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Кәсіптік бастауыш білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі (бұдан әрі - Ереже) " Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, кәсіптік бастауыш білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы .

2. Кәсіптік бастауыш білім кәсіптік мектептер мен кәсіптік лицейлерде негізгі жалпы білім беру базасында алынады, жалпы орта білім алумен ұштастырылады және еңбек қызметінің түрлі бағыттары бойынша білікті еңбек қызметкерлерін (жұмысшыларды, қызметшілерді) даярлауға бағытталған.

Жекелеген кәсіптер бойынша кәсіптік бастауыш білім беру қысқартылған оқыту мерзімімен жалпы орта білім беруге негізделуі мүмкін.

3. Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына өздерінің мүдделеріне, қабілеттеріне, денсаулық жағдайына сәйкес кәсіп, мамандық және біліктілік алуда тең мүмкіндіктер береді.

4. Кәсіптік оқыту білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына белгіленген тәртіппен берілген лицензиясы болған кезде тікелей өндірісте, оқу-өндірістік комбинаттарда, оқу орталықтарында, курстарда және жұмысшылар даярлайтын басқа да оқу-өндірістік құрылымдарда жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдарының алдында мынадай міндеттер тұр :

1) кәсіптік бастауыш және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын игеру үшін жағдайлар жасау ;

2) еңбек рыногында бәсекеге қабілетті, жоғарғы білікті жұмысшылар мен мамандар даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету ;

3) кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға, жұмыс берушілерге жұмыстан босатылған қызметкерлерді және жұмыспен қамтылмаған халықты қайта оқыту, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді шарттық негізде көрсету ;

4) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдарының қызметін ақпараттандыру.

6. Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдары:  
1) мемлекеттік ;

2) жеке меншік болуы мүмкін.

7. Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдары өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне, сондай-ақ осы Ережеге және олардың негізінде әзірленген жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

## **2. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру**

8. Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдары оқу-тәрбие процесін, ғылыми-педагогикалық қызметті өз бетінше ұйымдастырады.

Кәсіптер бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны, оларды игерудің нормативтік мерзімдері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен айқындалады және кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдары әзірлейтін жұмыс оқу жоспарларына және бағдарламаларына сәйкес іске асырылады.

9. Ұйымдардың білім алушыларының үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен тәртіппен жүзеге асырылады.

10. Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдарында техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру оқу орны жұмыс берушілермен, жұмыспен қамту қызметімен және жеке азаматтармен бірлесіп айқындалатын кәсіптер (мамандықтар) мен кәсіптер топтары бойынша жүзеге асырылады.

11. Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін: күндізгі, кешкі, қашықтықтан оқыту.

Кәсіптік бастауыш білім алу үшін әр түрлі нысандарда оқытуды ұштастыруға рұқсат беріледі.

Кәсіп топтары бойынша филиалдар, кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау курстары, кешкі (ауысымдық) бөлімдер (топтар), оқу шаруашылықтары, полигондар мен басқа да құрылымдық бөлімшелер құрылуы мүмкін.

Құрылымдық бөлімшелерді ұйымдастыру тәртібін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы әзірлейді және бекітеді.

12. Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдарында тілдер бойынша оқыту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

13. Оқушылардың жекелеген санаттары үшін сабақтың басталуы оқу топтарының жинақталуына қарай жұмыс берушілермен шарт негізінде белгіленеді.

14. Теориялық және өндірістік оқытуды ұйымдастырудың негізгі нысаны сабақ болып табылады. Оқу сабақтары дәрістер, практикалық сабақтар, әңгімелесу, зертханалық, бақылау және өз бетімен жасалатын жұмыстар, консультациялар, факультативтік сабақтар, курстық және дипломдық жобалар түрінде өткізілуі мүмкін.

15. Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдарында білім алушылармен оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу үшін оқу топтары құрылады.

Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдарының оқу топтары санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес жинақталады.

Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдарында кәсіп бейінінің ерекшеліктеріне қарай, жекелеген оқушылармен жеке сабақтар өткізілуі мүмкін.

16. Оқу топтары өндірістік оқыту сабақтарында, жекелеген пәндер бойынша, оның ішінде дене тәрбиесі бойынша теориялық және зертханалық-практикалық сабақтарда тілдерді оқыту кезінде кіші топтарға бөліне алады.

Топтардың кіші топтарға бөлініп оқытылуы кезінде оқу пәндерінің тізбесі оқу жоспарымен және бағдарламаларымен белгіленеді.

Теориялық, практикалық сабақтардың кезектесуі оқу жоспарымен және оқу процесінің кестесімен белгіленеді.

17. Оқушыларды өндірістік оқыту оқу орындарының оқу-өндірістік шеберханаларында, зертханаларында, полигондарында, оқу шаруашылықтарында, құрылыс объектілерінің үйрену орындарында, егіс далаларында, фермаларда, тапсырыс берушілердің, яғни жұмыс берушілердің кәсіпорындарында жүзеге асырылады.

Өндірістік оқыту процесінде оқу бағдарламаларына сәйкес, сондай-ақ сабақтан тыс уақытта өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерін, халық тұтынатын тауарлар шығаруды ұйымдастыру көзделеді.

18. Кәсіп бойынша кәсіптік практика ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде) кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдары мен ұйымдар (

кәсіпорындар, мекемелер) арасында жасалған шарттар негізінде өткізіледі.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімі мен мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес жұмыс оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен белгіленеді.

19. Білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу сапасын, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру және әдістемелік жұмысты жетілдіру мақсатында кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдарында педагогикалық, оқу-әдістемелік кеңестер құрылады.

20. Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдары оқушыларының құрамынан білім алушылар :

1) өз еркімен ;

2) денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК) қорытынды-анықтамасы негізінде;

3) басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;

4) және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда да шығарылуы мүмкін.

### **3. Білім беру ұйымын басқару**

21. Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдарындағы басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережеге және оқу орнының жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Алқалы басқару нысандары педагогикалық, оқу-әдістемелік және қамқоршылық кеңестер болып табылады.

Білім беру ұйымын тікелей басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылтайшы тағайындайтын директор жүзеге асырады.

22. Кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдары кадрларды іріктеуде және орналастыруда, ғылыми, қаржы-шаруашылық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде өзге де қызметтерді өз бетінше жүзеге асырады.

